

Карантин шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы N 29 шешімі. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 31 қаңтардағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 31.01.2024 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 291 ұсынысы негізінде Таң ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жалағаш ауданы, Таң ауылдық округіндегі "АгроЛидер Тан" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің меншігіндегі ауыл шаруашылығы жануарлары (мүйізді ірі қара) арасынан қарасан ауруының анықталуына байланысты Таң ауылдық округіндегі "АгроЛидер Тан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал қора жай аулаларына, ауыл шаруашылық жануарларына (мүйізді ірі қара) карантин шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Таң ауылдық округі әкімі

К.Б.Сейдахметов